

Оқу-тәрбие үрдісінде қазақ балуандарының қаһармандық бейнесі арқылы отансүйгіштік қасиеттерді қалыптастырудың теориялық негіздерін айқындау ұлт мектебінің оқу-әрбие үрдісінде ұлттық рухани мұра негізіндегі отансүйгіштік тәрбие берудің педагогикалық алғышарттарын белгілеуге мүмкіндік береді.

Әдебиеттер:

1. Сейдахметова Л.Т. Қазақстан мектептерінде оқушыларды патриотизмге тәрбиелеудің дамуы (1970-2000 ж) Пед ғыл. Канд. Дәрежесін алу үшін дайындалған дисс. – Алматы, 2002. – 138 б.
2. Лоюк Ф.Ф. Повышение эффективности героико-патриотического воспитания старшеклассников во внеклассной деятельности: автореф. ... канд. пед. наук.: 13.00.01.- Рига: ЛГУ, 1989.- 24 с.
3. Бейсембаева А.А. Патриотическое воспитание старшеклассников средствами казахского героического эпоса. Дисс. Канд. Пед наук. – Алматы, 2004. – 138 с.
4. Байсеркеев Л. Казахстанский патриотизм и многонациональный интернационализм // Изденіс №2, 1997. – 129 б.

Тұрар Ә. Қ., Кусаинов Д.А., Соболевский А.Ю.
Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды университеті

БАЛАЛАР МЕН ЖАСӨСПІМДЕР СПОРТЫН ДАМУҒА НАТУРАЛИЗАЦИЯНЫҢ ӘСЕРІ

Қ.Тоқаевтың балалар мен жасөспірімдер спортының дамуының маңызына тоқталған болатын. Президенттің пайымдауынша, кез келген легионер ұлттық құрамаға шақырту алғысы келетін жас әрі болашағынан көп үміт күттіретін атлеттеріміздің жолын кеседі. Мемлекет басшысы мұның орнына елімізде дамуы кенже қалған тұрған спорт түрлеріне шетелдік мықты бапкерлерді тартудың қажеттілігін айтты. «Легионер-спортшылардың жетістігі бүгін мерейінді өсіргенмен, ертең абыройынды асқақтатпайды. Бұл жерде кәсіби бапкерге басымдық берген жөн», - деді. Мемлекет басшысы Президенттің Жолдауда балалар мен жасөспірімдер спортының дамуына басымдық беріп, легионерлер тартуды доғаруға шақыруы бекер емес [1].

Қазақстанда спорттағы натурализация процесі, бүгінгі таңда мемлекет тарапынан көп қаржыландырылатын және қоғамда қызу талқыланып келе жатқан мәселелердің бірі болып табылады. Натурализация – спорт түрлеріне шетелдік спортшыларды ұлттық құрамаларға тарту үшін белсенді қолданылатын әдістердің бірі саналады. Осы жолды ұстанатын мамандардың пікірлері бойынша, бұл бәсекелестік деңгейін арттыруға және халықаралық жарыстардағы нәтижелерді жақсартуға мүмкіндік береді [2].

Натурализацияланған шетелдік спортшылар отандық спортшылармен өз тәжірибесімен бөлісу арқылы, отандық спорттағы бәсекені арттыруға және жаңа спортшылардың есімдерін шығаруға мүмкіндік беруі мүмкін. Алайда отандық спортшылардың жолын бөгейді, ірі жарыстарға енді бет бұрған спортшылардың орындарып басып, олардың өз әлеуетін көрсету мүмкіндігінен айырады. Мысалы, теннис, футбол, ауыр және жеңіл атлетика сияқты спорт түрлеріне келген шетелдік спортшылар көбінесе ұлттық құрамадағы негізгі орынға ие болады.

Натурализация процесінің талаптарына келетін болсақ, спортшылар өз спорт түрі бойынша жоғары көрсетуі керек. Сонымен қатар олар азаматтыққа қойылатын талаптарға да сай болулары керек. Мысалы, азаматтық алатын елде кем дегенде 5 жыл тұруы, мемлекеттік тілді меңгеруі және қылмыстық жауапкершілікке тартылмау деген жалпы талаптар бар. Ал ұлттық құрамаға шақырту алған шетел спортшыларының бұл талаптарды сақтайтындығына күмән бар. Спорт федерациялары натурализация процесінде маңызды рөл атқарады және

олар шетел спортшыларына қажетті ақпараттар беріп, қолдау көрсетіп жатады. Нәтижесінде легионерлердің азаматтық алу мәселелері жеңілдеп жатады [3].

Натурализация процесінің жастар спортына әсерін бірнеше аспектілерден қарастыратын болсақ мынадай анықтамалар беруге болады:

1. *Бәсекелестік деңгейінің артуы.* Натурализацияланған спортшылар спорт түрлері бойынша бәсекелестікті арттырады. Нәтижесінде жас спортшылар біріккен оқу-жаттығу жиындарына қатысады, жоғары деңгейлі спортшылармен бәсекелесуге мүмкіндік алады. Жаттығу барысында жас спортшылар тәжірибе жинақтап, шетелдік тың әдістер мен жаттығу техникасын үйренеді. Бұл отандық спортшылардың халықаралық және Қазақстан біріншіліктерінде жақсы нәтиже көрсетуіне және тез дамуына ықпал етеді.

2. *Дарынды жастарды қолдау.* Натурализацияланған спортшылар жастар үшін тәлімгер бола алады. Олардың халықаралық аренадағы тәжірибесі жас спортшыларға жарыс барысында тез әрі дұрыс шешім қабылдауға, жарыс кезінде туындайтын тактикалық міндетті шешуді күресуді үйренуге және нәтижені жақсартуға ықпал етеді. Бұл халықаралық жарыстарда Қазақстанның атынан қатыса алатын білікті спортшылардың қалыптасуына ықпал етеді.

3. *Спорттық инфрақұрылымдардың сапасын арттыру.* Шетелдік спортшыларды тарту үшін спорттық инфрақұрылымды жақсарту қажет. Спортшыларды шақырумен қатар, олар жаттығатын заманауи, барлық талаптарға сәкес келетін спорттық кешендер мен базалардың санын арттыру міндеті жүктеледі. Ұлттық құрамалар спорт кешендерін, жаттығу базалары мен спорттық іс-шараларды өткізуді белсенді дамытуда, бұл өз кезегінде жастар үшін жаңа мүмкіндіктер туғызады. Спортшыларға жасаған бұндай инвестициялар оқу-жаттығу сабақтарының тиімді өтуі мен жарыстарда спортшылардың жақсы нәтиже көрсетуіне, жалпы елдегі спорттың жан-жақты дамуына оң әсер етеді.

4. *Жастардың спортқа бет бұруы.* Спортшылардың натурализациясы жастардың тек танымал спорт түрлерімен шұғылданып қана қоймай, болашағы бар спорт түрлерімен шұғылдану арқылы жоғары жетістіктерге қол жеткізе алады. Жастар тек футболға немесе хоккейге ғана емес, сонымен қатар теннис, жеңіл атлетика, ауыр атлетика немесе жүзу сияқты сирек кездесетін спорт түрлеріне қызығушылық таныта бастайды. Бұл жағдай балалар мен жастарға спорттық ортада өз орнын табуларына мүмкіндік береді. Яғни, шетелдік спортшыларды Қазақстанда танымал емес спорт түрлеріне тарту арқылы болашақта сол спорт түрлерінен отандық спортшылардың шығуына әсері болатыны белгілі. Оған мысал ретінде, Қазақстандағы теннис спорт түрін алсақ болады. Барлығымызға белгілі бұл спорт түрінде әлемдік жарыстарда қазіргі таңда өнер көрсетіп келе жатқан теннисшілердің басым көпшілігі натурализацияланған спортшылар. Алайда, олардың келуімен отандық теннисшілер қазіргі кезде көптеп шығып, Қазақстандық теннисшілердің әлемдік аренаға шығуына әсерін тигізгендігін байқап келеміз.

5. *Мәдени алмасу және интеграция.* Ұлттық құрамаларға тартылған шетелдік спортшылар еліміздің спорт мәдениетіне жаңа тәсілдер әкеледі. Бұл мәдени алмасуға мүмкіндік туғызады, онда жас спортшылар шетелдік әріптестерінен сабақ ала алады, бұл олардың тәжірибесі мен спортқа деген көзқарасын байытады [4].

Келесі жағдайда шетелдік спортшыларды натурализациялау процесінің теріс жақтарына тоқталып өтетін болсақ, мынадай мәселелер туындауы мүмкін. Шетелдік спортшылар жоғарыда аталған дәйектермен қатар, отандық спортшылардың жолын бөгеп, тіпті құрама сапында айқын басымдыққа ие болып жатады. Салдарынан өзіміздің отандық спортшылардың әлемдік аренада өнер көрсетуіне мүмкіндік азаяды. Сондықтан, спорт түрі бойынша құрамаға шақырту алатын спортшылар санына шектеу қою маңызды деп ойлаймыз. Мысал ретінде, теннис спортындағы натурализацияланған спортшыларды алсақ болады. Сонымен қатар, фузалға шетелден алынған спортшылардың саны тым көп.

Шетелден келген Қазақстанмен тығыз байланысы болмауы мүмкін. Бұл жағдай олардың ел атынан шығуға деген ынтасы мен патриоттық рухына әсер етуі мүмкін. Кейде мұндай спортшылар тек өздерінің жеке мүдделеріне назар аударып, өзіне жүктелген міндеттер мен отандық спортшылармен бірге жұмыс істеуіне әсерін тигізіп жатады.

Натурализация ұлттық бірегейлік пен патриотизм туралы сұрақтар тудырады. Кейбір спорт жанкүйерлері шетелдіктерді «біздің спортшы емес» деп қабылдауы мүмкін, бұл жанкүйерлер арасында жағымсыз эмоциялар мен алауыздықты тудыруы әбден мүмкін.

Натурализация процесі және шетелдік спортшыларды тарту айтарлықтай қаржылық шығындарды талап етеді. Негізінде, бұл ресурстар жергілікті спортты, инфрақұрылымды дамытуға және жас таланттарды қолдауға бағытталуы қажет.

Натурализацияланған спортшылар мәдени және тілдік кедергілерге тап болады. Соның салдарынан олар командада ортақ тіл табыса алмай, спорт қауымдастығында қарым-қатынас орнату қиындайды. Бұл командалық динамикаға және жалпы нәтижелерге теріс әсер етуі мүмкін. Осы аталған кедергілердің барлығы отандық спорттың дамуына теріс әсерін тигізуі мүмкін.

Аталған мәселелерді негізге ала отырып, натурализация процесі басым спорт түрлеріндегі отандық спортшылардың жағдайына және көрсетіп жүрген нәтижелеріне тоқталып кетсек. Қазақстан ауыр атлетика құрамасы Тәуелсіздік алмай тұрып КСРО калықтары арасында әлемдік және бүкілодақтық рекордтар орната бастады және ірі жарыстарда жоғары атақтарға ие болған. А. Храпатый ауыр атлетикадан әлем чемпионатының алғашқы медалін Тәуелсіз Қазақстанға алып келді. С. Филимонов Афина Олимпиадасының күміс жүлдегері атанды. Алла Важенина 2007 жылы Ресей елінен Қазақстанға қоныс аударған спортшы. 2007 жылы үш спортшы натурализацияланған болатын олардың екеуі Қытай елінен Зульфия Чиншанло, Мая Манеза болса, Ресейден дәл осы жылы Светлана Подобедова азаматтық алған болатын.

2008 жылы қытайлық Фархад Харки Қазақстан азаматтығын алған. Кезекті спортшының азаматтық алуы 2012 және 2014 жылдары жүзеге асырылды. Біріншісі қытайлық Арли Чонтей болса, екіншісі әзербайжандық спортшы Ният Рахимов. Көріп отырғанымыздай, ауыр атлетикада да натурализацияланған спортшылар көп болды және олардың барлығы дерлік допингтік сынамаңың оң нәтиже беруіне байланысты жарыстардан шеттетілді, ауыр атлетика федерациясы халықаралық жарыстардан шеттетіліп, Олимпиада ойындарына қатысатын спортшылар санына шектеу қойылды. Осылардың барлығы ауыр атлетикадағы жас спортшыларға қалай әсер ететінін айтпай ақ қойса да болады [5].

Қорытындылай келе, Қазақстанда спортшыларды натурализациялау жастар спортына айтарлықтай әсер етеді. Тәуелсіздік алғалы Қазақстан атынан талай легионер сынға түсті. Кейбірі жеңіс тұғырынан көрінгенімен, елімізге тигізген пайдасы аз деп айтсақ қателеспейміз.

Спорттағы натурализация бәсекелестік деңгейінің өсуіне ықпал етеді, талантты жастарды қолдайды, инфрақұрылымды дамытады және әртүрлі спорт түрлеріне назар аударады алайда спортшылардың саны аз болуына немесе жақсы нәтиже көрсетіп келе жатқан спорт түрлеріне шетелдік спортшыларды араластырмауға көңіл бөлуіміз қажет деп ойлаймын. Бұл, сайып келгенде, әлемдік спорт аренасында Қазақстанның атынан шығуға дайын дені сау және белсенді ұрпақтың қалыптасуына әкеледі.

Әдебиеттер:

1. «Қазақстанская правда». – Астана. Ақорда, 2024.
2. Пономарев Н.И. Феномен игры и спорт // Теория и практика физической культуры – 1972 – №8 – С. 6.
3. Ресей азаматтығын алудағы артықшылықтар мен спортшыларға берілетін жеңілдіктер <https://www.sport-express.ru/others/reviews / smena-sportivnogo grazhdanstvpravila - perehoda – v – druguyu – federaciyu – kak - sportmeny-menayut - flag-1977396/>
4. Naturalization of the foreign athlete a comparative study of iraqi, emirati, french and south korean legislation. file: /// C: /Users /turar /Downloads/5079-Article / 20 Text – 9766 – 1 – 10 - 20210107. 20(3) .pdf
5. Қазақстан ауыр атлетика федерациясы <https://wfrk.kz/>